

**ТҮРІҚТАНУШЫ ҒАЛЫМ І.КЕҢЕСБАЕВТЫҢ САҢ ЕСІМДІ  
ТҮРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ**  
SCIENTIFIC VIEWS TURKOLOGIST I.KENESBAEV'S WITH  
NUMERALS OF PHRASEOLOGY

Н. ҚОШАНОВА\*

**Түйіндемe**

Фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалауыштық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарласу, ойды көркем жеткізу ғана құралы емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын бірліктер ретінде танылады. Мақалада қазақ фразеологиясының теориялық мәселелерін қазақ тіл білімінде алғаш қалыптастырған, жеке пән ретінде негізін салған түріктанушы ғалым академик І.Кеңесбаевтың тұрақты тіркестер құрамында жиі кездесетін сан есімдер туралы ғылыми көзқарастары талданады.

**Кілт сөздер:** қазақ фразеологиясы, сан есімді тұрақты тіркестер, *үш, жеті, тоғыз, қырық* сандарымен келген фразеологизмдер, этимология.

**Summary**

Phraseological units recognized not only as tools which have their own specific assessed function of expressing emotional-expressive moods of speaker and listener but also as units that have their influence to the different senses of the speaker and listener. The article considers I.Kenesbaev's, who was the founder of theoretical issues of Kazakh phraseology, scientific views according the numerals which frequently met in set phrases.

**Key words:** Kazakh phraseology, enumerative set phrases, set phrases which come with numerals like three, seven, nine, and forty, etymology.

І.Кеңесбаев қазақ фразеологиясының теориялық мәселелерін қазақ тіл білімінде алғаш қалыптастырды, жеке пән ретінде негізін салды. XX ғасырдың екінші жартысынан басталған қазақ фразеологиясының зерттеу арналары ғылыми сараланып, тілдік деректерге қарай тармақталып, күні бүгін фразеология ғылымының зерттелу аясы кеңейді.

Қазақ фразеологиясының ғылыми пән ретінде қалыптасуы мен дамуы алдымен ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ халқының дәстүрлі шешендік сөз өнерінің алтын тұғыры болған

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philological sciences, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan, e-mail: [nkowanova@mail.ru](mailto:nkowanova@mail.ru)

мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер, тұрақты метафоралар қай кезде болмасын кез-келген тілдің алдында тұрады.

Фразеологизмдердің мұндай ерекше қасиетіне қазақ тіл білімінде І.Кеңесбаев ертерек назар аударған. Фразеологизмдерден қорғаған докторлық диссертациясынан басталған, кейін «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары» (Халық мұғалімі, 1946. №1-2,39-42-бб., №3-4, 42-50-бб.) және орыс тілінде жарық көрген «О некоторых фразеологизмах в казахском языке» (Изв. АН КазССР. №135. Сер.филолог.и искусствовед., Вып. 1-2, Алматы, 1954, С.6-27) деген мақалаларында жалғасын тапқан ғылыми зерттеулер қазақ фразеологиясының бастапқы теориялық діңгегі деуге болады.

Қазіргі қазақ тілінің фразеология саласының негізін қалаған І.Кеңесбаевтың қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің өзі тек қазақ тіл білімі үшін емес, түркітану ғылымы үшін үлкен табыс [1]. Осы еңбекте фразеологиялық бірліктің қыр-сыры жете зерттелмегенімен, фразеологиялық бірліктердің грамматикасы арнайы сөз болады. Қазақ тілінің тұрақты тіркестерінің құрамын, құрылысын сөз ете отырып, сол тұрақты тіркестердің қалыптасуына сан есімдердің, оның ішінде *үш, жеті, тоғыз, қырық* сандарының ролі ерекше екенін баса көрсетеді: «Тұрақты тіркестердің біршама бөлігі, мақал-мәтелдер жеті, үш, тоғыз, қырық сияқты сан есімдермен келеді. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Тұрақты тіркестер ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес. Мысалы, жеті ғылым тілін біледі, қырық ру дегендерде нақты саннан гөрі «көп» деген ұғым бар» [1, 612].

Бұл сан есімдердің тұрақты тіркестерде ұйытқы болу қасиеті басқа сөздермен келген тұрақты тіркестер сияқты емес, бұл сандар сан-мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алады. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылады. Бұлардың біршамасы халықтың наным, түсініктерінен туғандығын акад. І.Кеңесбаев бертін келе бұл ұғым, түсінік дерексізденіп, екінші бір салаға ауысқан деп есептеп, *ит* сөзімен келетін алыстыққа тікелей қатысы болмаса да, *ит арқасы қиянда* дегеннің алыстық ұғым баламасы болғанын мысалға келтіреді: «... *жеті атасынан түк көрмеген* дегенде *жеті* сөзі де уақыт, мезгілдің шартты көрсеткішіне айналған. *Жеті басты жалмауыз, жұт жеті ағайынды* дегендегі *жеті* сөзі де жалпы көптік ұғымына айналып кеткен. Демек, бұл сандар біршама сан мағынасын сақтай отырып, өзге ұғымға да

икемденіп, екі түрлі қасиетке ие болған».

Көне дәуір салт-санасының ізі сақталған *жеті* сөзімен жасалған нақыл сөз, тақпақ, мақал т.б. тұрақты тіркестер көптеп кездеседі.

Ескі салтымыздағы балгерлік, бақсылық, діни ұғымның әсері қазақ халқында да болған. Қазақ құмалақ ашқанда, *Жетіскенге беретін жеті әліп* тіркесін қолданады. «Әліп» сөзі басында «білу, тану» деген мағынаны білдірген. Мұндағы «жетіскен» деген мағына құмалақтың «жеті әліп» боп келуіне итермеші болып тұр. «Балгердің «сәуегейлігіне» шын құлай сенетін адам жетіскенге беретін жеті әліпті құмалаққа тізе бүгуі даусыз. Мұндай сенім-нанымға ұйыған жұрттың *жеті қабат жер, жеті қабат көк* дегенді шығарып алуына да таңырқауға болмайды» деген ғалымның пікірі ары қарай «Бұл тұрақты тіркестер мифологиялық, астрологиялық ұғымнан хабар беріп тұр. Жерді ұстап тұрған «көк өгіздің мүйізін» деп білген халық өзінің ойын жетімен байланыстыруы бұл сан есімнің халықтың атам заманғы өмірінен, санасынан аздап болса да дерек бола алатынын көрсетеді», - деп жалғасады. Әрине, бұл тұрақты тіркестерден қазақ халқының аспан әлемінен де хабары мол екендігін көрсетеді. *Жетіқарақшы* жұлдызын жеті санымен байланыстыра атауы, бұл санның киелі екендігін көрсетеді. Көзге түртсе көрінбейтін түнді қазақ неге *жеті түн* немесе *жеті қараңғы түн* дейді. *Жетіқарақшыны таныған түнде адаспас* деген тіркес те өте жиі кездесіп отырады. «Діни ұғым, магиялық санның *жеті* сөзіне байланысты екендігін *жеті бүзірік әулие* немесе *жеті шәріп* деген тіркестер де көрсетіп тұр. Жеті шәріп деген мыналар: 1. Мәкке (Меке) шәріп; 2. Мадине шәріп; 3. Бұхар шәріп; 4. Шам шәріп; 5. Хатым шәріп; 6. Құддыс (Мысыр) шәріп; 7. Кәлем шәріп. Дін иелерінің: «Кәлем шәріп мұсылманға бұйырған, ол аспаннан арнайы түскен жеті кітаптың бірі» деп жүруінде негіз жоқ. Осы жетінің ислам дінімен, Мұхамбет Пайғамбармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын дінді уағыздаушылар біле ме екен? Кәлем шәріп «аспаннан түспестен» бұрын Мұхамбет Пайғамбар тумастан әлденеше ғасыр бұрын «жеті» санымен ұласқан ұғым-нанымның сырын «молдекемдер» білмесе керек», - деп ғалым І.Кеңесбаев жеті санының халық үшін киелілік мәнде жұмсалуды мұсылман дініне ұласып тұрғанын байқамай, «молдекемдерді» негізсіз кінәлайды, әлде бұл кінәлау кеңестік идеологияның әсері болар. Жеті санының ой-санадан мықтап орын алғаны сондай, бірнәрсені шығарғаннан шыққан күш деп білсе, адам түңілерлік етіп, жеті санын қосып, қазақ ат қойып,

айдар тағып алады; жалмауыздың, айдаһардың ең зорын қазақ «жеті басты жалмауыз», «жеті басты айдаһар» дейді.

Бұл санға байланысты көзқарас халық арасында қалыптасып, салт, заң болып кеткен. Оған мысал: *жеті атадан әрі ғана қыз алысу заңы*. Араға жеті атаны салып, құда түсу әдеті Тәукенің тұсында шығып, заң ретінде қалыптасып, содан бері ғасырлар бойы сақталып келген. Бұл дәстүр салтты ислам дінін қабылдаған елдер шарифатқа тура келтіріп алған; сөйтіп, *жеті* сөзі Пайғамбардың хадисіне шарпуын тигізген. Бертін келе алыс жақындықтың өлшемі де осы жетімен өлшеніп, ең болмағанда, әр рудың адамы жеті атасын – бергі шежіресін білуге міндетті болған. Осыдан барып, *жеті атасын білмеген мүрт (жеті атасын білмеген кәпір)* деген сөз қалған.

Жалпы, қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер құрамындағы «*жеті*» деген сөз 7 сан есімімен лексикалық мағына жағынан, әрине, адекватты емес, «о баста», «ежелден», «қашаннан», «арғы аталарынан бері қарай» деген мезгілдік ұғымды беріп тұр, екінші сөзбен айтқанда, ең алғашқы тікелей мағына орнына басқа бір ұғым пайда болып отыр: алғашқыдағы шекті сан беретін, бертін келе «шексіз» немесе шартты түрде, әйтеуір бір «көп сан» ретінде айтылып тұр. Бұл тәрізді құбылмалы өзгермелілікті тілдің лексикалық саласының басқа тарауларынан да байқаймыз. Көп тілді білетін, көп халықтың әдет-ғұрпын білетін кісіні халық жеті ғылымның тілін біледі деп келеді. Мұндағы «ғылым» деген «білім» мағынасында емес, «ел», «жұрт» мағынасында» [1, 612].

Жеті сөзі бір топ мақал-мәтелдермен ұласып жатыр: жетіге келгенше, жерден таяқ жейді; алып алты, жеп жеті болмайсың; Жетімнің құрсағы жеті қабат; Кедейдің жеті қаңтары бар т.б.

Осы мақал-мәтелдердің шығуы қазақ халқының өмір тәжірибесінің қорытындысы іспетті: баланың жерден таяқ жеуі жетімен байланысты келуі де кездейсоқ емес сияқты. Баланың сана-сезімін, естияр болуын, аяқ баса бастауын жеті жастан бері қарай есептеуде өмір шындығы бар. Алып *алты, жеп жеті болмайсың* дегенде алып асып, жеп жетісіп қалмайсың дегенді білдіреді. «... жеті болмайсың дегеннің «кемеліне келу, баю» сықылды мағынасы бар. Бұл санды негізгі шек деп есептегенде, жеп жеті болмайсың деген тіркестің қазіргі тіліміздегі семантикалық ролі бізге түсінікті болуы керек. Қалың мал мөлшері кей жерде қырық жеті, он жеті, отыз жеті болып өлшенген. Біреудің қыз туса, кейде қырық жеті құтты болсын деу дағдысы болған. Мұндағы бір ескеретін нәрсе, малдың жалпы мөлшері

жоғарыдай, жетіге бітіп келсе де, құдандалы кісілердің алыс-берісінде сан мөлшерінен асып түсу немесе ол межеден кем түсу бола береді. Осыған қарағанда, жеті сөзінің тікелей лексикалық мағынасы дәл осы жерде сақтылып тұрған жоқ. Әйтеуір осыны «ырым» еткені болмаса, үнемі жетіні тәптіштеп, қалың малды беруде сол жетіге жеткізу шарт емес. Бұл да болса, жеті санының жай шартты ұғым ғана болғанын көрсетсе керек».

Жеті бағзы уақыт өмірдің аңшылық, ит жүгірту, құс салуға қатысты салаларынан да орын тепкен: ит – жеті қазынананың бірі дейді. Ол жеті қазынаға мыналарды жатқызады: 1) жүйрік тазы, 2) қыран бүркіт, 3) перен (берен) мылтық, 4) сұлу қыз немесе әйел, 5) жүйрік ат, 6) ер жігіт, 7) ілім-білім [1, 613-614]. Акад. Ә.Қайдар жеті қазына тіркесіне этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасай келіп: «... халық ұғымындағы сегіз қырлы, бір сырлы жігітке қажетті байлық-қазынаға көбіне-көп: а) жүйрік ат, ә) қыран бүркіт, б) құмай тазы, в) берен мылтық, г) өткір кездік, ғ) ау-жылым, д) қандауыз қақпан жатады және оларды былайша таратып бағалайды: жүйрік ат – адамның қаны немесе қанаты, қыран бүркіт – жігіттің қуаты, құмай тазы – берік сенімі, берен мылтық – оты, өткір кездік – сұсы, ау-жылым - әдіс-айласы, қандауыз қақпан – серті. Ескі наным-сенім бойынша осы жеті қазына жігіт адамның қолында түгел болса, оның бағы жанады, арманы орындалады» [2, 47].

Жеті сөзімен келетін діни ұғымдағы тұрақты тіркестердің күнделікті өмірде кездеседі: өлген кісіні жеті күннен кейін құран оқытып, жетісін беру сияқты.

Жәңгір ханның баласы Тәуке ханның қазақтың сол кездегі халықтың салт-санасын, әдет-ғұрпын мемлекет тілегіне сай етіп, шаруашылық пен саясаттың жаға ағамына үйлестіріп алған заңы «Тәукенің Жеті жарғысы» деп аталған. Тәуке хан мен оның билері Төле, Әйтеке, Қазыбектердің ежелден келе жатқан қазақтың кәдесі мен әдет-ғұрпын жинастыра келіп, оның қазақ халқына тиімділерін, ең бастыларын, елді билеуге керек жақтарын алып, заң етіп, оны «Жеті жарғы» деп атауының өзінің сыры сол жеті сөзінің киелілігінде, өйткені бұнда жеті сөзімен, ұғымымен байланысты ешнәрсе жоқ.

«Әрине, «жеті» дегенге әрдайым дін, немесе миф, тотем арқау болды деген пікірлер бар. Бірақ, біздің топшылауымызша, кей жағдайда мәселенің осы ұшығы шындық өмірден елес беруі де шүбәсыз», - деп ғалым І.Кеңесбаев өзінің жеті санының тұрақты

тіркестер құрамында кездесуінің бірден-бір себебі – ескі діни наным-сенімдер сарқыншағы деген пікіріне үзілді-кесілді қарсы шығады.

Түркі тілдердің біршамасында жеті сөзі «апта» дегеннің орнына қолданылады, қазақтың өзінде де жетісіне бір рет, жетісін беру сияқты тұрақты тіркестер осы «апта» сөзінің орнына қолданылып тұрғанын көрсетеді.

Проф. Р.Авакова үш санының символдық мәнін халықтың ерте кезден түрлі құбылыстарға баға беріп, олардың кейбір қасиеттеріне ерекше көңіл бөліп, оларға бақылау жасауынан туындауымен байланыстыра келіп, үш санымен келген тұрақты тіркестердің мәнін түсіндіруде қазақ тілінің фразеологиялық тіркестерін бірден-бір зерттеуші ғалым І.Кеңесбаевтың еңбегінің ролі зор екенін баса көрсетеді [3, 77].

І.Кеңесбаев үш сан есімімен келетін тұрақты тіркестер де ескі салтқа қатысты екенін айта келіп, «Ешбір басы бірікпейді» деген мағынада «үш қайнатса сорпасы қосылмайды»; «ешбір ойына кіріп шықпаған» деген мағынада «үш ұйықтаса да түсіне енбеген» деп келеміз. «Ер кезегі үшке дейін» деген мақал да бар. Ертегілерде: Біреудің үш баласы болыпты немесе хан үш қайтара сұрапты сияқты тұрақты тіркестер жиі кездесетіні белгілі, - деген мысалдармен түсіндіреді. - «Жан алу», «жан беру» сияқты дәстүр көп елдерде болған. Бұл әдет қазақта да болды. Ертеде «жан беруге» тура келсе, дүние салған ардақты бір кісінің моласына барып, одан үш рет айналып, «жалған айтсам, осы кісінің аруағы ұрсын» деп қарғанған. Мұндайда «жан беруші» айыпқа тартылған кісі емес, ол кісінің үш ата алыстығы, бар жақын туысы болуы шарт болған. Туыстығы үш атаға жеткен кісінің сөзі әшкереленіп, жаман қылығы жұртқа аян, сенімсіз болса ғана, айыпқа тартылған кісінің басқа туысы жан беретін болған», - деген ескі салтты мысалға келтіреді [1, 615].

Қазіргі қазақ тілінде тоғыз санының символдық мағынасынан туындаған көптікті, толықтықты, молшылықты білдіретін тұрақты тіркестер кездеседі.

Тоғыз сөзімен келетін қазақтың болсын, басқа да түрік халықтарына қатысты салтқа қатысты туындаған тұрақты тіркестерді ескі салтымыздың сарқыншағы деп қарамағанымыз жөн. Өйткені қазіргі кезде осы тоғызға қатысты салтымыздағы жол-жоралғылар өмір салтымызда қолданылады. Ғалым І.Кеңесбаев тоғыз санына қатысты жасалған тұрақты тіркестерді ескі салтымызға қатысты деп былай түсіндіреді: «Тоғыз сөзінің қазақтың ескі салтынан орын тепкенін, бір

рудың екінші руға, бір кісінің екінші кісіге төлейтін сыйлығының, кейде айыбының «бір тоғыз», «үш тоғыз», «тоғыз тоғыз» болып келуі толық айқындайды».

Тоғыз туралы сенім ырым-салт монғол халқында өзгеше орын тепкен. Ханға арналатын сыйлық, берілетін тарту «бір тоғыз», не «үш тоғыз» болған. «Бабур-намеде» түркі елдеріндегі бұл салт, әдеттер сол монғолдан ауысып келген деген пікір айтылады.

Қ.Халидов өзінің белгілі «Тауарих хамса» деген кітабында түркі, монғол халықтарының тоғыз ұғымына байланысты мынадай пікір айтады: а) монғол, қалмақтардың ескі сенімі, діни ұғымы бойынша аспан тоғыз қабат болады, құдай оның ең соңғы тоғызыншы қабатында тұрады, солай болғаннан кейін «бас патша» (құдай) сықылды одан төменгі «жер патшасы» (хан) да сол жолмен, сол тәртәппен орын тебуге тиісті. («Бас падишаһ хаки кидин бүйлә фиғіл садир ол дисе падишаһ мажасинің тәртібі дәхи у тағлимә муафік тоғыз болмақ лазим») дегенді келтіреді; ә) тоғызға байланысты заңның (әдет-ғұрыптан орын теуіп, біреуге сыйлық беру, біреуді жазалау т.б.) Шыңғыс ханнан басталатынын көрсетеді; б) «хан» деген атақ тоғыз атадан бері осы лауазым сақталып келе жатқан кісіге ғана телінген, соның салдарынан Әмір Темірге хан атағы берілмеген дейді. Әмір Темір көп жерді өзіне қаратып, қанша көп елге үстемдік жүргізсе де, жоғарғы «тоғыз ата» деген негізгі қағидаға сай келмегеннен кейін, ол «хан» делінбей, «мырза шаһ» деп аталынған дейді; в) «тоғыз» жайындағы дәстүр менұғым ертеде Россияға да шартпуын тигізіп, кей халықтарда қарадан хан сайлайтын болса, ол кісі осы дәрежеде алдымен тоғыз жыл қызмет істеуге міндетті болған дегенді айтады [1, 616].

Ғалым Қ.Тәжиев осы тоғыз санымен қалыптасқан «киелілік» араб, монғол халқынан ауыспаған, көне түркілік ұғымда да болғандығын бірнеше ғалымдардың пікірлерімен дәлелдейді [4, 12].

Қырық сан есімімен келетін тұрақты тіркестер қасиеті туралы алғаш ғылыми пікірлер акад. І.Кеңесбаев еңбектерінде талданған. «... ескі сеніммен ұштасып, қазақ тілінен де қоныс тепкен: қырқына шыдаған соң, қырық біріне де шыда; баланың қырқынан шығуы; өлген кісінің қырқын беру, т.б. Түркі елдерінің біразында көз тиген баланы қырық ожау не қырық қасық сумен шомылдырды, ертегілерде қырық күн ойын, қырық күн тойын жасады, ханның қырық уәзірі болыпты, қырық күн жол жүріпті деген фразеологиялық бірліктер жиі айтылады. Сойылған мал етінің борша-боршасын шығарып, жілік-жілігімен

бөлуді қырық жілік дейді. Әйелдер ірі қараға қаһары түсіп, кейігенде ой, қырық жілік болғыр! Деп қарғайды. Қазақ фольклорында қырық сан қалмақ деген сөз бар. Мұндағы қырық сан деген тоқсан екі баулы өзбек деген сықылды ру санын көрсеткен болу керек» [1, 616].

Қазақ ертегілерінде ұшырасатын *бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, тазшаның қырық өтірігі* сықылдылар халықтың санасынан ертеден орын тепкен сөз орамдары да бұл санның да «әншейін» сан емес, бір кезде «киелі» мөлшер екендігін көрсетеді. Қазақ қырық күн шілде деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады. Үш ай жаздың ыстығы осы қырықпен біте қоймағанмен, ол сан бұл жерде негізгі бір өлшем болып тұр. Бағзы уақыт қыстың да қақаған үскірік аяз мезетін осы «қырық» санымен өлшеу салты болған.

Қырық санымен келген тұрақты тіркестер - жақсы ата жаман балаға қырық жылдық азық, қырық жамау немесе қырық құрау, қыз қырық жанды, қырық пышақ болды т.с.с. «көп» мағынасында қолданылып жүрген қырық санының санау тарихымыздың қырыққа келіп шектік сипатқа ие болуының салдары деп білуімізге болады.

Акад. І.Кеңесбаев жеті, қырық, үш, тоғыз тәрізді сөздердің тіліміздің қазіргі сатысындағы қолданылу тәртібін осы күнгі семантикасын, стилистикалық функциясын тексерудің өзі ол сөздердің этимологиясын білуге жол ашатынын, осы күнгі лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы ол сөздердің өткен тарихына айғақ бола алатынын, ал осы сан есімдердің беріліп жүрген этимологиясының дұрыс-бұрыстығын анықтау болашақтың мәселесі екендігін баса көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кеңесбаев І. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. А.: Ғылым, 1978
2. Қайдар Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. Алматы, 1998
3. Авакова Р. *Фразеологиялық семантика*. А., Қазақ унив., 2002.
4. Тәжиев Қ. *Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі*. Түркістан, 2004.